

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Садирбекова Динара Қалымбекқызының «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Д.Садирбекованың диссертациялық зерттеуі бүгінгі күннің көкейкесті проблемасына арналған және дер кезінде жазылып отырған жұмыс.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында «білім беру саласындағы менеджменттің аз дамығандығы, оны дамыту қажеттілігі» көрсетіліп, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – басқарушылық құзыреті дамыған жаңа тұрпатты адамды қалыптастыру» екендігіне аса мән берілген. Осы айтылған міндеттер жоғары педагогикалық білім беруге, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне тікелей қатысты. Болашақ мұғалімнің сынып ұжымын, оқушының жеке тұлғасын, оқу-тәрбие үдерісін және т.б. адами қорларды қажетті деңгейде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар білім берудегі басқару саласынан арнайы білім, біліктерінің болуы қажет етіледі. Осы міндетті шешу жолдарының бірі - болашақ мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру ұсынылып отырған докторлық диссертацияда терең зерттелген. Қазіргі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің аясында білім берудегі ұйымдастырушылық, басқарушылық іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдістемесі қарастырылған.

Оған қоса Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «қоғамдық сананы дамытудың» нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ мұғалімнің бүгінгі жас ұрпақты саналы басқаруынан да талап етіледі.

Осы айтылғанның бәрі Д.Қ.Садирбекованың зерттеу проблемасының көкейкестілігін анықтайды.

Садирбекова Динара *зерттеу барысында* философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындады;

- педагог-менеджер тұлғасының құрылымын анықтап, оған сипаттама берді;

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтады;

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасап, тәжірибелік-эксперимент жұмысы негізінде оның тиімділігін анықтады.

Докторанттың зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстары диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған докторлық диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

Садирбекова Динараның жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық сатысын орындауда автор зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу барысында белсенділік танытты. Садирбекова Динара диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында ғылымға берілгендігімен, ізденімпаздығымен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен, Садирбекова Динараның «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады, деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесшісі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**



С.Ж.Пірәлиев